

МҒТАР 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp100-109](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp100-109)

Қ.С. Кәрібай¹, Ж.А. Жақыпов¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ДІНИ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ДАҚ СӨЗДЕР

Мақала қазақ діни дастандарының сөздік құрамын талдауға арналған. Мақсат – діни дастандардағы жаттілдік сөзқолданыстарының айғақтары мен дәлелдерін анықтау. Кірме сөздер, әдетте, қабылдаушы тілдің сөздік құрамынан орын алады. Алайда діни дастандарда «уақытша», «қонақ» сөздер бары байқалды. Мұны орыс тіл білімінде «вкрапление» деп атайды. Қазақ тіл білімінде мұндай сөздер арнайы зерттеу нысанына ілікпегендіктен термині де қалыптасқан жоқ. Біз мұндай «кірмелерді» дақ сөздер деп атадық. Дақ сөздер (вкрапление) дегеніміз – жаттілдік сөздер, яғни басқа тілден енген, енгізілген тілге бөтен сөздер. Мәтінде кездесетін дақ сөздерден оның «бөтен сөз» екені толық көрінеді және көбінесе экспрессивтілік реңде келеді.

Діни дастандарда мұндай сөздер өте көп кездеседі және олар араб, парсы тілдерінен алынған. Осындай жаттілдік сөздерді сипатына қарай зат және құбылыс атаулары, қимыл-әрекетті білдіретін сөздер және сындық сипатта қолданылған сөздер деп бөліп, олардың лексикалық мағынасы ашылды. Сонымен қатар дақ сөздердің экзотикалық мәнде қолданылған мысалдарын да атап өттік.

Кілт сөздер: діни дастандар, лексика, дақ сөз, кірме сөз, варваризм.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Діни дастандардағы дақ сөздерді (вкрапления) зерттеу үшін әртүрлі бағыттар мен аспектілерді, тәсілдерді пайдалануға болады. Алайда мұндай бағыттар мен аспектілерді, тәсілдерді мүмкіндігінше қамтитын лингвофольклортануға сүйену ұтымды болып көрінеді. Лингвофольклортану фольклорлық мәтіндерді филологиялық әдістермен зерттейді, оның фольклортанудан айырмашылығы – таңбаланған фольклорлық сөзбен жұмыс істейтіндігінде [1]. «Қазақ лингвофольклортануы» деген ұғымды және оны зерттеудің ережелері 2015 жылы ұсынылды. Онда фольклордың тілін зерттеудің аспектілері зерттеу міндеттері ретінде алға тартылды, олар: қазақ фольклорындағы тілдік феноменологияны іздеп табу; фольклордағы әлемнің тілдік бейнесін айқындау; қазақ фольклорын тілдің аккумулятивтік қызметі тұрғысынан зерттеу; қазақ фольклорлық мәтіндерінің қазақ әдеби тілінің тарихындағы орнын анықтау; қазақ фольклоры мәтіндерінің лексикалық ерекшеліктерін талдау, топтау, жіктеу; қазақ фольклоры мәтіндерінің грамматикалық ерекшеліктерін талдау, топтау, жіктеу; қазақ фольклоры мәтіндерінің стильдік ерекшеліктерін талдау, топтау, жіктеу; қазақ фольклорын мәтінтану тұрғысынан талдау; қазақ фольклоры мәтіндері мен Қазақстандағы басқа ұлттардың фольклоры арасындағы интертекстуалдық байланыстарды ашу; әлемнің фольклорлық-тілдік бейнесін тұғырлау; қазақ фольклоры мәтіндерін пәнаралық (психолингвистикалық, когнитивтік, коммуникативтік, семиотикалық, лингвомәдени) тұрғыдан зерттеу [2].

Бұл мақалада қазақ лингвофольклортануы бағытының «қазақ фольклоры мәтіндерінің лексикалық ерекшеліктерін талдау, топтау, жіктеу» аспектілері негізгі ереже ретінде пайдаланылады.

КІРІСПЕ

Діни эпостар – біздің бай мұрамыздың бір бөлшегі. «Киік», «Жұмжұма» сияқты шағын қиссалардан бастап бірнеше оқиғалар сипатталатын «Зарқұм», «Салсал» тәрізді көлемді

эпикалық жырларға дейін қазақ фольклорын дамытуға өзіндік үлес қосты. М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, М. Әбдуов т.б. эпос жайлы тақырыптық тұрғыдан да, кезеңдік тұрғыдан да жүйелеудің жолдарын көрсете білді.

Діни дастандарға қатысты зерттеу жұмыстары соңғы жиырма жылдың ішінде көрініс таба бастады. Діни эпостарды эпикалық жыр тұрғысынан Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев, Б.Әзібаева сияқты ғалымдар қарап, араб-парсы және қазақ көркем шығармалары арасындағы әдеби байланысты қарастырды.

Дей тұрсақ та, діни фольклордың тілі арнайы зерттеуге нысан болған жоқ.

Мақаланың **мақсаты** діни дастандар мәтініндегі кірме сөздердің сипатын анықтау, осыған орай кірме сөздерді жіктеу, соның ішінде дақ сөздердің пайдаланылуының уәждерін ашу **міндеттері** қойылды. Ал дақ сөздер деген жаңа терминді ұсыну және олардың фольклордағы қолданысын талдау қазақ филологиясында алғашқы қадам болып есептеледі, **ғылыми жаңалығы** ретінде осы жайтты көрсетеміз. **Танымдық маңызы** – діни фольклордағы кірме сөздердің мағына-мәнін түсіндіруден байқалады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеуші М.М.Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаеваның «Казахское слово в русском художественном тексте» атты еңбекте пілдердің бір-біріне ықпал етуін екі аспектіден, диахрониялық және синхрониялық аспектілерден қарауға болатыны айтылады. Бұлайша бөлу экзотизмдер және дақ сөздер мен кірме сөздер арасындағы шекарамен сәйкес келмейді [3, 5].

Бөтен тілден сыналанып енгізілген сөздердің орнына (егер көркем бейнелеу міндеттерін алып тастасақ) мәтіннің байырғы компоненті жүре алады. Жаттілдік дақ сөздер осылайша мәтін түзілген тілден өзгеше тілге тиесілі компонент болып, оқырман «бөтендікті» толық сезеді және хабарланатын ақпардың заттық-логикалық мазмұнымен уәждемелейді. Дақ сөздер экспрессивтілікті сақтайтын я сақтамайтын деп ажыратылмайды, – олар әрдайым экспрессивтік реңде болады.

Жаттілдік дақ сөздер бөтен тілдің эмоционалды әсерімен сипатталады, сөздің семантикалық құрылымын бөлшектеу және семалардың өзектілігі мұнда сирек кездеседі. Егер реалия сөздер негізінен еуропалық реалистік әдебиетке тән болса, ал дақ сөздер романтикалық әдебиетке жататын мәтіндерде пайда болады [3, 20]. «Жаттілдік дақ сөздер» термині қостілді адам сөйлеуінде «бөтен денелер» ретінде енгізілген және жаттілдік дақ сөздердің нақты әртүрлілігін толық көрсетпейтін әртүрлі «көлемдегі» жаттілдік құбылыстарды білдіреді. Жаттілдік дақ сөздердің пішіндерін талдай отырып, зерттеушілер олардың функционалдық ерекшеліктеріне тоқталады. Олар шет тілдегі кірістірулер тек белгілі бір мәнмәтінде, мысалы, орыс тілі жетпейтін «сөйлеушінің қанағаттандырылмаған экспрессивті қажеттілігінің табиғи салдары» ретінде пайда болады деп мәлімдейді [3, 23].

Ал қазақ тіл білімінде мұндай жаттілді сөздер жайлы зерттеулер жоқтың қасы. Діни фольклорда дақ сөздер діни фонды ұстау үшін, діни аяны оқырманға сезіндіру үшін қолданылады.

Мақаладағы мысалдар «Бабалар сөзі» 100 томдығының діни дастандарға арналған томдарынан алынды. Яғни діни дастандардан біздің тілімізге жат сөздер жиналды. Ондағы дақ сөздерге талдау жасалды. Жиналған мысалдарды лексикалық әрі семантикалық сипатына қарай қарастырып, лексика-семантикалық талдау әдісі қолданылды. Ол үшін сөздіктер, оның ішінде араб-парсы сөздігі қолданылды. Діни дастандардағы дақ сөздер сипатына қарай топтарға іріктелді.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ діни фольклорында діни дастандар ерекше орын алады.

Діни дастандарда жаттілдік, яғни бөтен тілдің сөздері өте көп кездеседі. Оларды кірме сөз тұрғысынан варваризм, реалия сөздер және дақ сөздер деп топтастыра қараған тиімді.

Кірме сөздердің діни дастандарға енуінде объективті уәждер бар екенін ағылшын тілтануынаң тұжырымдарынан байқауға болады. Аттила Бенө жат сөздер тек мәдени факторларға, беделге немесе экономикалық себептерге байланысты ғана емес, ана тілінде сөйлейтіндер ойды толық жеткізу үшін жаңа лексика-семантикалық санаттарға және экспрессивті-метафоралық сөздерге деген қажеттілік тууымен байланысты кіргізуге мәжбүр болатынын айтады. Кірме сөздердің мұндай семантикалық өзгерістері қабылдаған тілдің семантикалық өрісінде жаңа элементтердің жасалғанын көрсетеді [4]. Діни дастандарды жырлаушылардың орынды-орынсыз жат сөзді сыналауында Ан Ван Хеккенің Илан Ставанстың жат сөздерді қолдануына байланысты айтқан мына бір уәждердің әсері бар. Хекке көптілді болмысты бейнелеуде таныс пен бөтен, өзіндік пен жаттық қайшылықтары болатынын, тіл мен кеңістік арасындағы байланыстың қиындығы тегін жатсынатындай сезімге тап болатынын айта келіп, белгілі бір жерге тиесілік кірме сөздерді «өзінікі» етуге деген ниетімен тайталасып тұратынын көрсетеді [5]. Діни дастандарда жат сөздердің жиі қолданылуында осындай психоллингвистикалық құбылыстар болғаны айқын.

Діни дастандардағы кірме сөздердің көбінде тіл шұбарлау сыңайы бар сияқты. Варваризм грек тілінен аударғанда «barbarismos» жат елдік дегенді білдіреді. Ол – белгілі бір тілге басқа, бөтен тілдерден енген, толық қалыптаса қоймаған сөздер немесе сөз тіркестері және белгілі бір елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-жайын, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсету үшін қолданылатын кірме сөздер [6, 5]. Варваризмдер, әдетте, тіл шұбарлаумен байланысты болады да, сөз мәдениеті үшін теріс құбылыс болып есептеледі. Біз дақ сөздер деп атап отырған сөздер (бұларды орыс тілінде «вкрапления» деп атайды [3]) сырт көрінісімен варваризмдермен бірдей болады, бірақ, варваризмдер уәжсіз қолданылса, дақ сөздер жаттілдік сөздердің белгілі бір мақсатпен, себеппен уәжді түрде қолданылуынан пайда болады. Варваризмдер де, дақ сөздер де бірреттік, уақытша пайдаланылатын сөздер. Сонымен қоса дақ сөздер реалий сөздермен де ұқсастықта болады. Екеуінің айырмашылығы реалий сөздер белгілі бір ұлтқа тән заттар мен құбылыстар болғандықтан оның басқа тілде баламасы болмайды, ал дақ сөздердің өзге тілде баламасы қашан да табылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Діни дастандардан алынған дақ сөздерді сипатына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырдық. Бірінші топ – **зат пен құбылыс атаулары**. Олардың ішінде тұлғаларды, туыстық қатынастарды білдіретін, мүліктік қатынастарды білдіретін, шығу тегін білдіретін, лауазымды білдіретін және т.б. сөздер бар. Айталық:

Ілгерлі Пайғамбардың заманында

Бір жүһүд етеді екен қақпан кәсіп [7, 27].

«Қақпанға түскен киіктің хикаясы» жырындағы мысалдан алынған *жүһүд* араб тіліндегі *uahud* сөзінен енген. Бұл сөз *жүһүд*, *жұһүд*, *жұһұт*, *жөйт*, *жөһид*, *жәһут* түрінде кездесіп, еврей деген мағынаны білдіреді [8, 213]. Бұл сөз діни дастандардың көбінде кездеседі. «Бабалар сөзі» еңбегінің сөздігінде «жүһүд» Мұса пайғамбардың үмбеті екені жазылған. Яғни бұл жердегі дақ сөз ұлттың атауын беруде қолданылған.

Мен екен, ойлап тұрсам, дінін қазы,

Әуелден болғаннан-ақ жанның *нәсі*.

Кіріптар хайуан етіп сізді,

Дүниеге келді ме екен біздей *ғасы* [7, 34].

Бұл мысал да жоғарыда аталған жырдан алынған. *Нәсі* сөзі *нас* деген араб сөзінен енген. Ол адамдар, дастанда жанның иесі мағынасын білдіреді. Бұл сөз Құран Кәрімдегі «Нас» сүресінде де кездеседі: Құл әуузу би раббин-нәэс. Мәликин нәэс. Иләһин нәэс. Мин шәррил уәс-уәәсил ханнәэс. Әлләзи йуәс-уису фии судуурин нәэс. Минәл жиннәти уән нәэс. Аудармасы: Адамдардың раббысына, Адамдардың иесіне, Адамдардың Тәңіріне, Сыбырлап азғырушының кесірінен, Сондай адамдардың көкейлеріне салатын, Мейлі жыннан, мейлі адамдардан болсын (бүкіл азғырушылардың кесірінен Аллаға сыйынамын) [9, 606]. Араб-

парсы сөздігінде *гасы* сөзінің екі мағынасы беріледі: күнәһар және көнбеуші, бағынбаушы, мойынсұнбаушы [8, 142]. Бұл жерде бірінші күнәһар мағынасында кездеседі.

- Бұ *дийарда* сен ұлық болдың, – деді,

Қара *палас* тондарды қойғыл, – деді [10, 176].

«Ғазауат Сұлтан» жырында кездескен *дийар* сөзі араб тілінен еніп, екі мағынаны береді: жай, орын мекен және үй, ғимарат, тұрғын жер [8, 173]. Ал *палас* мағынасы бұл жерде кілем мағынасында емес, нашар, ескі мағынасында қолданылған. Ол – парсы тілінен енген сөз. Бұл жердегі *дийар* дақ сөзі атаулық сипатты білдірсе, *палас* сөзі сындық сипатты білдіруде эпитет түрінде қолданылған.

Жұфұты – Фатима, жолдасы – төрт шаһариар,

Ол Әлидің Хасен, Хұсайын баласы бар [11, 111].

Бұл мысал «Қисса Салсал» жырынан алынған. Араб тілінен жұфт сөзінен енген *жұфұт* сөзінің екі мағынасы бар. Біріншісі – қосақ, жұбай. Екіншісі – тақ емес, жұп [8, 211]. Жырда бірінші мағынасы, яғни жұбайы мағынасында қолданылған. Бұл сөзді діни аяда қолданылған деп қарауымызға ислам тарихындағы тұлғаларға орай қолданылуы себеп болып отыр. Аталған дақ сөз туыстық қатынасты білдіруде қолданылған.

Мұхлат бергіш деуші еді

Алыстағы сарының [12, 144].

«Зарқұм» жырында кездескен *мұхлат* сөзі парсы тілінен енген. Мухлат сөзі уақыт, үзіліс деген мағынаны береді [12, 281]. Жырда *мұхлат* түрінде қолданылған.

Кешке тағы падиша

Шекардан үйге қайтады [13, 257].

«Қисса мансұр әл-Халаж» жырында кездескен *шекар* сөзі – парсы тілінің сөзі. Бұл сөз жырда аңға шығу мағынасында қолданылған [8, 637]. Бұл жерде қазақ тіліндегі «аңшылық» деген сөздің орнына «шекар» сөзінің қолданылуы, біздіңше, жыр ырғағы мен өлшемін сақтауға байланысты.

Шаһимардан *хауарижді* ұстап алды,

Жанына неше түрлі қинау салды [13, 186].

«Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» жырында *хауариж* сөзі кездеседі. Ол сөз араб тілінен еніп, діннен тайған, дінбұзар деген мағына береді [8, 604]. Яғни адамның жасаған әрекетіне қарай аталған атау деп айтуға болады.

Қылғаныма қарасам – уайымым көп,

Фазылыңа қарасам – үмітіп көп [13, 70].

Бұл мысал «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» жырынан алынған. *Фазыл* араб тіліндегі *фадл* сөзінен енген. Бұл жердегі дақ сөз жәрдем, жақсылық, рахымшылық деген мағынада қолданылған [8, 570].

Қайтадан қаһар етті қайта маған,

Көрініп бұрынғыдан *зейілі* жаман [7, 31].

«Зейіл» сөзі арабша *заил* сөзінен енген. Оның бірінші мағынасы – қысқа мерзімді, уақытша, екінші ауыспалы мағынасы – ес, ақыл, ақылдан жаңылу [8, 229]. Ал Бабалар сөзінің анықтамасында ашу, ыза, кек мағынасы беріледі [7, 304]. «Қақпанға түскен киіктің хикаясы» жырында ашу, ыза мағынасында қолданылған.

Сұрама *ижазатты*, батыр Хақан,

Бабамның айырылмаймын жолдарынан [12, 72].

Бұл мысал «Қисса Зарқұм» жырынан алынған. Ижазат сөзі – араб тілінің сөзі. Ол ризалық, рұқсат деген мағынаны береді [8, 241].

Бұ *азиматты* қайсардың көзі көрді,

Айрылып ақылынан есін танды [10, 193].

«Ғазауат Сұлтан» жырында *азимат* сөзі кездеседі. Ол араб тілінен еніп, керемет іс, жағдай деген мағынаны береді [8; 20]. «Бабалар сөзіндегі» сөздікте *азим*, *азимат* сөзіне ұлы, мәртебелі ұлы, мәртебе, зор, айбындылық, ұлылық, маңыздылық, абырой, әсемдік, Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі делінген [10, 274].

Латғазы ауырлығы бір жүз батпан,

Алтын менен күмістен *зинат* жапқан [7, 198].

«Ғаза кітап Мұхаммед-Ханафия» жырында *зинат* сөзі кездеседі. «Бабалар сөзі» еңбегіндегі сөздікте *зинат* сөзі араб тілінен еніп, оның әшекей деген мағынаны беретіні жазылған [7, 304]. Қазіргі таңда «Зинат» деген адамның аты да кездеседі.

Тапсам талап *уисалын*,

Сүйерімнің жамалын,

Борышымның қамалын,

Досларға медет айтайын [13, 255].

Уисал сөзі араб тілінен енген, екі мағынасы бар. Біріншісі – байланыс. Екіншісі – махаббаттық байланыс. Үшіншісі – жыныстық қарым-қатынас [8, 566]. Ал «Бабалар сөзіндегі» анықтамалық сөздікте мақсат деген мағынасы айтылады [13, 319] және жырда да осы мағынаны береді. *Уисал* дақ сөз ретінде «Қисса Мансұр әл-Халаж» жырында кездеседі.

Олардың кім айта алар *уәсіфін* тегіс,

Тыңдаушылар құп көрер болса келіс [13, 212].

Уәсіф сөзі араб тілінен енген. Ол түр, бейне, сипат мағынасын береді [8, 561]. Аталған дақ сөз «Қисса хазіреті Айшаның тұхматы» жырында кездеседі.

Сузан, *тұхматтан* сақтанайық,

Өлшеулі ғұмыр бітпей, келсе шама [13, 210].

Араб тілінен енген *тұхмат* сөзінің бірнеше мағынасы бар. Біріншісі – жала, өсек. Екіншісі – айыптау [8, 556]. Ал *сузан* сөзі араб тілінен еніп, бәле деген мағынаны береді. Бұл дақ сөздер жоғарыда аталған жырда кездеседі.

Қатамды өзің кешіп құтқармасаң,

Азаптың, тақсыр, болдым *мүбдаласы* [7, 34].

«Қақпанға түскен киіктің хикаясы» жырында кездескен *мүбдала* араб тіліндегі мубтала сөзінен енген. Араб-парсы сөздігінде бұл сөздің екі мағынасы бар. Біріншісі – бәлеге ұшырау, қиындыққа тап болу. Екіншісі – қамығу, қайғыру, қасірет шегу [8, 401]. Ал «Бабалар сөзінің» түсініктемесінде «діндар» деген мағынасы берілген. Дастанда қиындыққа тап болған, қасірет шеккен адам мағынасында берілген.

Қайтұр бір күн мәжіліс қылып отыр ерді,

Сейітті *шикаят* қылып, көп сөйледі [10, 116].

«Ғазауат Сұлтан» жырында кездесетін *шикаят* сөзі араб тілінен *шикаят* сөзінен енген. Оның екі мағынасы бар: арыздану, шағым айту, кіналау; назалану, қайғыру. Шикаят – ғайбат, жала [8; 639]. Жырда дәл осы *шикаят* сөзі арыз мағынасын береді.

Сырты сыр зейнеттенген *күшк құсұр*,

Мұнтазир бәрі сізге сабыр қылмақ [13, 152].

«Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» жырында *күшк*, *құсұр*, *мұнтазир* сөздері кездеседі. *Күшк* парсы тілінен енген, бау-бақшалы сарай (Бабалар сөзі), *құсыр* (*құсұр*) парсы тіліндегі *қусур* сөзінен еніп, қателік, ұқыпсыздық деген мағыналарды береді [8, 324]. *Мұнтазир* сөзі парсы тілінен енген. Ол тосу, күту мағынасын береді [8, 394] және дақ сөздердің келесі тобына жатады. Бұл тармақтарда дақ сөздер қазақ тілінің грамматикалық заңдылығына бейімделмей қолданылған (анықтауыш анықталушыдан соң: «бау-бақшалы сарай ұқыпсыз»), алайда бұл қолданысты инверсиямен уәждеуге болады.

Ер Әли жатыр еді зарлық қылып,

Аз ғана *нәпіс алды* көзін жұмып [7, 64].

Нәпіс – араб тілінен енген сөз. Дем, дем алу мағынасын білдереді [8, 431]. «Қисса Шаһихинда» жырында Ер Әли көзін жұмып, аз уақыт дем алды мағынасында қолданылған.

Жаратқан *жүмлә* жанды Жаппар Құдай,

Дүниеде күрес болмас, сірә, мұндай [7, 39].

«Дариаға қыз» жырында кездескен *жүмлә* сөзі араб тілінен уәжсіз енгізілген. Оның бірнеше мағынасы бар. Біріншісі – барлығы бірігу, барлығы бірігіп кірісу [8, 211]. Яғни қазіргі

таңдағы қазақ тіліндегі жұмылу сөзінің мағынасын береді. Ал екіншісі – барлық, түгел. Діни дастанда барлық деген мағынасында өте жиі қолданылатын сөздердің бірі.

Келесі дақ сөздер тобы – **қимыл-әрекетті білдіретін** сөздер, яғни әрекетке байланысты қолданылған сөздер.

Жолдастар мұны естіп қылды *фаған*,

Зар еңіреп көздерінен атқылар қан [13, 150].

«Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» жырынан алынған *фаған* сөзі парсы тілінен енген. Ол зар еңіреп жылау деген мағынаны білдіреді [8, 570]. Бұл мысалдағы дақ сөз қимылды білдіруде, сол кездегі әрекетін білдіруде қолданылған.

Көңілім түсті, жарандар, әлденеге,

Киік етін *бахузур* жесем екен [11, 14].

«Қисса Салсал» жырында *бахузур* деген сөз кездеседі. Ол парсы тілінен аударғанда дайындалған, әзірленген деген мағынаны береді [11, 301]. Яғни киік етін дайындап жесем деген әрекетті айтуда қолданылған.

Сіз қайтпақшы болған соң,

Паришан болды көңілім [12, 247].

«Зарқұм» жырында кездесетін *паришан* сөзі парсы тілінен енген. Оның мағыналары: қобалжау, абыржу; қайғыру, күйіну [8, 452]. Аталған дақ сөз әрекетті беруде қолданылып тұр.

Бағзылары *пиада*,

Екі етегін белге түріп [12, 131].

«Зарқұм» жырында кездескен *пиада* парсы тіліндегі *пиаде* сөзінен келген. Ол жаяу, жаяу жүру деген мағынаны білдіреді [8, 465]. Аталған сөз уәжсіз енгізілген, экспрессивтік рең беріліп тұр деу де қиын.

Дақ сөздердің келесі бір тобы – **сындық сипатта** қолданылған сөздер.

Қалдырмай айтты бәрін болған сырдың,

Мазмұндап *маниқасын мақлил* жырдың [11, 267].

Бұл мысал «Қисса Әбушахма» жырынан алынған. «Бабалар сөзі» еңбегінің сөздігінде *мақлил* сөзінің рұқсат етілген деген мағынасы беріледі. Ал *маниқа* сөзі таңдаулы, талдамалы, іріктеліп алынған деген мағынаны береді [11, 305]. Екеуі де араб тілінен енген сөз. Яғни «іріктеліп алынған, рұқсат етілген жыр» мағынасында қолданылып тұр.

Істеген бәрі сұм деп есітемін,

Бәдбахт осындай бір залым болған [11, 220].

«Әзірет Әлидің соғысы» жырындағы *бәд* парсы тілінен «жаман, нашар» деген мағынаны береді. *Бәд [бағд]* зымиян, сұрқия деген мағынада да қолданылатыны бар [8, 100]. Бірақ жыр сөз ортасында бірінші «жаман, нашар» мағынасы өзектенеді. Осыған орай *бәдбахт* сөзінің мәні «сорлы, бақытсыз» дегенге барып саяды.

Бұл қисса шаһзадаға жад болыпты,

Қыз *зуфунун* Зейнұлараб хат болыпты [7, 217].

«Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия» жырында кездесетін *зуфунун* сөзі араб тілінен енген. Ол қызға қатысты, оның өнерлі екенін айтуда қолданылған [7, 304].

Сүйікті Пайғамбардың перзенті едің,

Фатима, жәрдем бергін, мұшапақ анам [7, 75].

«Қисса Шаһихинда» жырында кездесетін *мұшапақ* сөзі парсы тілінен енген. Ол *мошфақ* сөзінен шыққан, мағынасы – мейірбан, мейірімді [8, 399]. Жырда мейірбан ана мағынасында қолданылған.

Дақ сөздердің кейбірінің **экзотикалық мәнде** қолданылатыны байқалады. Экзотикалық лексика – бір тілге басқа тілден еніп, сол халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктерін білдіретін сөздер. Аталған сөздер бір елдің не халықтың өзіне ғана тән дүниелерді айқындайды. Мысалы:

Жөнелді киік қайта *биабанга*,

Толтырып екі көзін қызыл қанға.

Кіріптар болды Сәруар сауап үшін,

Сеніп ол *бейзабан* хайуанатқа [7, 30].

«Қақпанға түскен киіктің хикаясы» жырында биабан және бейзабан деген сөздер де кездеседі. *Биабан* парсы тілінен шөл дала, шөлейт дегенді білдіреді [8, 118]. Яғни діни дастанда мекен орны ретінде қолданылған. Ал *бейзабан* парсы тілінен сөйлемейтін, тілсіз және көнгіш, жуас деген мағыналарды береді [8, 108]. Ол адамдардың не хайуанаттың мінезін сипаттағанда кездеседі.

Биабан, *бейзабан* сөздерінің экзотикалық болу уәжі – оқиға қазақ жерінде емес, әлдебір шығыстық мекенде өтеді, сондықтан да шығыстық сөз сол ерекшелікті байқату үшін қолданылған сияқты.

От қойып бәрін өртеймін

Дәш елің мен қалаңның [12, 231].

«Зарқұм» жырындағы «дәш» сөзі «деш, дешт» сөзінің мағынасын беріп тұр. Ол араб тілінен еніп, өлке, кең дала; шөл, шөл дала деген мағыналарда [8, 173] қолданылады.

Пақыр, міскін, мүсәпір жиып алып,

һәр күнде жүз *дәлдәні* беруші едім [7, 91].

«Қисса Жұмжұма» жырында *дәлдә* сөзі кездеседі. Ол парсы тіліндегі тилла сөзінен енген. Бірінші мағынасы – алтын ақша, екіншісі – алтын [8, 183].

Мәрмәрдан тәж, алтыннан тақыт берді,

Еткізді тегіс биғат зәңгілерді [7, 171].

Зәңгі дақ сөзі «Хикаят Тәжілмәлік» жырында қолданылған. «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» атты еңбекте бұл сөздің үш мағынасы беріледі. Олар: қара түсті (негр), ауыспалы мағынада – үлкен қара дәу және сұм, арам [8, 227]. Бұл мысалда қара түсті мағынасында алынған және экзотикалық мәнде қолданылған. Осы мысалда *биғат* дақ сөзі де кездеседі, оның мағынасы – бағындыру [8, 118].

Он екі мың піл *махмұйт*,

Жетпіс екі мың зәңгіні,

Ұрысқа айдап жүрілген [12, 158].

Махмұйт дақ сөзі «Зарқұм» жырында кездеседі. Бұл сөз араб-парсы сөздігінде табылмады. Ал «Бабалар сөзінің» анықтамалық сөздігінде әлсіз, енжар деген мағынасы жазылған [12, 280]. Яғни пілге қатысты айтылған деп топшылап, экзотикалық мәндегі дақ сөзге жатқыздық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ фольклорындағы діни дастандардың сөздік құрам тұрғысынан қарағанда байқалатын айырмашалығы – жаттілдік сөздердің (араб-парсы элементтерінің) жиі қолданылатындығы. Мұндай сөздердің қатарына қазақ тілінің сөздік құрамынан орын алған сөздер ғана емес, қандай да бір уәжбен осы мәтін үшін уақытша пайдаланылған қолданыстар да жатады. Солардың бірі – дақ сөздер.

Діни дастандарда кездесетін дақ сөздердің қазақ тілінде баламалары бар, бірақ жыршы араб, парсы тілдерінен, діни мәтіндерден өзі білетін дайын қалыптарды сыналап кіргізіп отырады. Мақсаты діни болмысты, әлемнің діни бейнесін мәтін адресатына қабылдату болса керек. Бәлкім, бұл араб, парсы тіліндегі сөздерді біздің тілге енгізудің қадамдары болар.

Діни дастандардағы жаттілдік дақ сөздердің көбі араб, парсы тілдерінен алынған. Ондай сөздерді зат пен құбылыс атаулары, қимыл-әрекетті білдіретін, сындық сипатты білдіретін сөздер деп бөліп мағыналық-тақырыптық тұрғыдан қарастыру дақ сөздерді қолданудың себептерін уәждейді. Дақ сөздердің ішінде зат пен құбылыс атаулары өте көп кездеседі, себебі ол атаулар қазақтың қарабайыр дүние суретінде орын алмаған. Сондай-ақ дақ сөздердің экзотикалық мәнде қолданылғаны да бар.

Тіліміздегі, әсіресе жырларда қолданылған «бөтен» тілдің сөздері көзге оқшау көрінеді және уақытша сөз екені айқын. Сондықтан оларды жаттілдік дақ сөздер деп қарау жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Хроленко А.Т. Қазіргі филология негіздері. – Мәскеу: Флинта, 2013. – Б. 87.
- 2 Жақыпов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануының ғылымтанулық тұғыры // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2015. – №2. – Б. 248-256.
- 3 Орыс көркем мәтініндегі қазақ сөзі / М.М.Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаева и др. – Алма-ата: Ғылым, 1990. – 168 б.
- 4 Attila B. Lexical Borrowing, Categorization, and Mental Representation. [Электр. ресурс]. – 2017. – URL: <https://content.sciendo.com/downloadpdf/journals/ausp/9/3/article-p53.pdf> (жүгінген күні: 26.01.2024).
- 5 Hecke A.V. The Struggles of the Multilingual Subject and His Identity Search in Literature: Pan Stavans's On Borrowed Words – A Memoir of Language [Электр. ресурс]. – 2019. – URL: <http://link.springer.com/article/10.1007/s11061-019-09611-y> (жүгінген күні: 26.01.2024).
- 6 Сарекенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Астана, 2010. – 152 б.
- 7 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.10. Діни дастандар. – 333 б.
- 8 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.
- 9 Құран Кәрім. 1-ден 30-ға дейінгі паралар. Арабша транскрипциясы және қазақша мағынасы. – Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір», 2016. – 1216 б.
- 10 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.13. Діни дастандар. – 311 б.
- 11 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.15. Діни дастандар. – 320 б.
- 12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.12. Діни дастандар. – 303 б.
- 13 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.11. Діни дастандар. – 339 б.

Материал 01.02.2024 баспаға түсті

Иноязычные вкрапления в казахских религиозных дастанах

Қ.С. Кәрібай¹, Ж.А. Жақыпов¹

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

Статья посвящена анализу словарного состава казахских религиозных эпосов. Цель статьи определение фактов и аргументов иноязычных словоупотреблений в религиозных дастанах. Заимствованные слова обычно занимают определенное место в словарном составе принимающего языка. Однако в религиозных эпосах были отмечены «временные» слова. В русском языкознании такие слова называются вкраплениями. В казахском языкознании вкрапления не был предметом специального исследования, отсутствует казахский термин для вкраплений. Поэтому мы применили казахское слово «дақ сөздер». Вкрапления – это заимствованные слова, временно использованные из другого языка, чужеродные для введенного языка. Из вкраплений, встречающихся в тексте, полностью видно, что это «чужое» и они всегда экспрессивно маркированы.

В религиозных дастанах такие слова очень распространены и заимствованы из арабского, персидского языков. В статье раскрывается их лексическое значение, разделяются на такие группы, как названия предметов и явлений, слова, обозначающие действие и слова, обозначающие качество предмета. Также определены факты и аргументы использования чужеродных слов в экзотическом значении.

Ключевые слова: религиозные дастаны, лексика, вкрапление, заимствованные слово, варваризм.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Хроленко А.Т. Основы современной филологии. – Москва: Флинта, 2013. – С. 87.
- 2 Жакупов Ж.А. Научное исследование казахской лингвофольклористики // Вестник НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. – 2015. – №2. – С. 248-256.
- 3 Казахское слово в русском художественном тексте / М.М.Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаева и др. – Алма-ата: Наука, 1990. – 168 с.
- 4 Attila B. Lexical Borrowing, Categorization, and Mental Representation. [Электр. ресурс]. – 2017. – URL: <https://content.sciendo.com/downloadpdf/journals/ausp/9/3/article-p53.pdf> (дата обращения: 26.01.2024).
- 5 Hecke A.V. The Struggles of the Multilingual Subject and His Identity Search in Literature: Plan Stavans's On Borrowed Words – A Memoir of Language [Электр. ресурс]. – 2019. – URL: <http://link.springer.com/article/10.1007/s11061-019-09611-y> (дата обращения: 26.01.2024).
- 6 Сарекенова К.К. Лексикология современного казахского языка. – Астана, 2010. – 152 с.
- 7 Слово предков: Сто томов. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.10. Религиозные дастаны. – 333 с.
- 8 Мамырбекова Г. Толковый словарь арабских, персидских слов на казахском языке. – Алматы: Институт развития государственного языка, 2017. – 656 с.
- 9 Коран Карим. Арабская транскрипция жне не казахское значение. – Алматы: Дауир, 2016. – 1216 с.
- 10 Слово предков: Сто томов. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.13. Религиозные дастаны. – 311 с.
- 11 Слово предков: Сто томов. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.15. Религиозные дастаны. – 320 с.
- 12 Слово предков: Сто томов. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.12. Религиозные дастаны. – 303 с.
- 13 Слово предков: Сто томов. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.11. Религиозные дастаны. – 339 с.

Материал поступил в редакцию журнала 01.02.2024

Foreign language inclusions in kazakh religious dastans

K.S. Karibay¹, Zh.A. Zhakypov¹

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the analysis of the vocabulary of Kazakh religious epics. The purpose of the article is to determine the facts and arguments of foreign language word usage in religious dastans. Borrowed words usually occupy a certain place in the vocabulary of the host language. However, "temporary" words were noted in religious epics. In Russian linguistics, such words are called inclusions. Inclusions have not been the subject of special research in Kazakh linguistics, there is no Kazakh term for inclusions. Therefore, we used the Kazakh word "daq sozder". Inclusions are borrowed words temporarily used from another language, foreign to the introduced language. From the inclusions found in the text, it is completely clear that this is "alien" and they are always expressively marked.

In religious dastans, such words are very common and borrowed from Arabic and Persian. The article reveals their lexical meaning, they are divided into such groups as names of objects and phenomena, words denoting action and words denoting the quality of an object. The facts and arguments of the use of foreign words in an exotic meaning are also determined.

Key words: religious dastans, vocabulary, inclusions, borrowed words, varvarism.

REFERENCES

- 1 Hrolenko, A.T. (2013), *Osnovy sovremennoi filologii* [Fundamentals of modern Philology], Moscow.

- 2 Zhakupov, Zh.A. (2015), *Qazaq lingvofolklortanuyynyn gylymtanulyq tugyry* [Scientific platform of the Kazakh linguofolculture]. QR UGA khabarlary [National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan], №2 [in Kazakh].
- 3 Attila, B. Lexical Borrowing, Categorization, and Mental Representation, (2017). Available at: <https://content.sciendo.com/downloadpdf/journals/ausp/9/3/article-p53.pdf> [in English] (accessed: 26.01.2024).
- 4 Hecke, A.V. The Struggles of the Multilingual Subject and His Identity Search in Literature: Ilan Stavans's *On Borrowed Words – A Memoir of Language*, (2019). Available at: <http://link.springer.com/article/10.1007/s11061-019-09611-y> [in English] (assessed: 26.01.2024).
- 5 Sarekenova, Q.Q. (2010), *Qazirgi qazaq tilinin leksikologiyasy* [Lexicology of the modern Kazakh language] Astana,
- 6 Kopylenko, M.M., Akhmetzhanova, Z.K., Zholtaeva, T.U. (1990), *Kazakhskoe slovo v russkom khudozhesvennom tekste* [The Kazakh word in the Russian literary text], Almaty.
- 7 Babalar sozi: Zhuz tomdyq (2004), *Dini dastandar* [Religious epics], Astana.
- 8 Mamyrbekova, G. (2017) *Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirime sozdigi* [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language], Almaty.
- 9 Quran, Karim (2016). *Arabsha transkripciyasy zhane qazaqsha magynasy* [The Quran. Arabic transcription and Kazakh meaning], Almaty.
- 10 Babalar sozi: Zhuz tomdyq (2004), *Dini dastandar* [Religious epics], [Vol.13], Astana.
- 11 Babalar sozi: Zhuz tomdyq (2004), *Dini dastandar* [Religious epics], [Vols.15], Astana.
- 12 Babalar sozi: Zhuz tomdyq. (2004), *Dini dastandar* [Religious epics], [Vols.12], Astana.
- 13 Babalar sozi: Zhuz tomdyq. (2004), *Dini dastandar* [Religious epics], [Vols.11], Astana.

Received: 01.02.2024

ISRTI 16.21.27

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp109-120](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp109-120)

Z.K. Kassanova¹, Zh.K. Ibrayeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

LANGUAGE CHOICE AND LANGUAGE PREFERENCES IN PROFESSIONAL DISCOURSE (BASED ON THE TEXTS OF JOB ADVERTISEMENTS)

The subject of this article is language practice in the context of Kazakhstan's labor market. The article provides a brief overview of the language policy of the Republic of Kazakhstan having a direct impact on language practice and the process of commodification of the Kazakh language in general. The article presents an analysis of job advertisements to identify the demand for the language in the labor market. It should be noted that the results of the study reflect the current situation (2023 is the period of the experiment). The results were obtained using content analysis and discourse analysis. The experiment led to the conclusion that the Kazakh language has become a valuable skill in the labor market, but at the same time, the greatest part of written business communication is carried out in Russian. The authors see the prospect of research in a longitudinal study of the process of commodification of the Kazakh language in the aspect of marketing linguistics, as well as research into the specific characteristics of the text of advertisements from the perspective of sociolinguistics, linguistic pragmatics, text linguistics, and discourse theory.

Key words: language policy, discourse, language skill, the Kazakh language commodification, language choice.